




# ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

## Онлайн-танысу психологиясы





Қазіргі таңда интернет жүйесінде бірнеше әлеуметтік желілерде өзіңе аккаунт ашып оған өзің туралы тиімді ақпаратты орналастырудың еш қиындығы болмай қалды, ол ақпарат шын немесе ойдан құрастырылған болуы да мүмкін. Соның арқасында алаңға өзіңнің қажетіңше және арманыңдағы ойдан құрастырылған небір кейіпкерлерді шығаруға болады.

Шындығында, кейбір адамдар Интернет арқылы өзінің екінші жартысын табатындығына толығымен сенеді. Көптеген психолог мамандардың осындай интернет арқылы қарым-қатынастың нағыз құрбандарына кеңес беру бойынша тәжірибесі мол. Бұл жерде біз Интернет арқылы өзінің екінші жартысын табуға шынымен ниеттенгендер туралы айтып отырмыз. Психотерапевт мамандардың тәжірибесіне сүйенсек, интернет арқылы пайда болған махаббаттың (сүйіспеншілік), шын өмірдегі махаббатқа қарағанда тоқтатылуы да бұзылуы да ауырырақ болады екен.

**Аватар фильмінің** сюжетін еске алайық, бас кейіпкердің өзінің сүйіктісінің денесіндегі бөтен адамды білгендегі көңілінің қаншалықты қалғанын еске түсірейік. Кейбір кезде интернет арқылы танысудың ауырлығы соншалықты, адамдарға нағыз психолог мамандар көмегіне жүгінуге тура келіп жатады. Оның себебі неде? Интернет арқылы танысулар өзара хабарлама жазысу арқылы жүзеге асырылып дамиды, ал олар өз кезегінде нақты өмірдегі кездесулерден гөрі күшті эмоцияларды алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, адамның фантазиясы шынайы өмірде өзінің негізінде қалыптастыратын образдан гөрі идеалды образды тым жеңіл жасайтындықтан оның сезімі өте күшті болуы мүмкін.

Бұл жағдайда кері байланыс жоқ десек те болады, сондықтан қарым-қатынасты аяқтау мүмкіндігі де жоқ, интернет сезімдер тым терең болғандықтан, адамның оны айқын көрсетуге шамасы да жетпейді.

Интернетте нақты махаббатты іздейтін адамдар нәзіктеу, осалырақ, өздерінің кемшіліктері көп деп ойлайды және шынайы өмірде біреумен танысу олар үшін өте қиын болып келеді. Сондықтан Интернетте танысу кезінде жақсылықпен қатар алаяқпен, маньякпен, аферистпен немесе басқа да теріс қылықты аватармен кездесуге де дайын болу керек.

Интернет әлеуетті алдауды жеңілдетеді, болашақ серіктесін пайдалануға да мүмкіндік береді. Желінің «екінші жағында» туған сезімдер психикалық шындық болып табылады. Тәжірибелі адам осындай сезімдер пайда болғанша күте алады. Мысалы, аздаған ақша сұрауы да ғажап емес. Желідегі серіктесінің пайда болған сезімдерінің тереңдігіне байланысты оның басқа да көптеген нәрселерді сұрауы немесе талап етуі де мүмкін.

Бастапқыда студенттер қауымдастығының өзара танысуы үшін құрылған Facebook кейіннен мүлдем өзгеше әлеуметтік функцияларға ие болып, тіпті, сол әлеуметтік капиталдың өзіндік түріне айналды. Шынайы урбандалған елдерде желі байланысының ыңғайлылығы және жеңілдігі бірте-бірте пайдаланушыларға, әсіресе, осы процеске бейімді адамдар үшін, аутизациялау фактісіне әкеледі. Урбандалу (Урбанизация) (лат. urbs – қала, urbanus – қалалық) – еңбек бөлінісінің қоғамдық және аумақтық тұрғыдан тарихи қалыптасуынан пайда болып, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамиды әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, географиялық секілді көп жақты қырлары бар күрделі құбылыс. Көне латын тіліндегі мағынасы «қалалық» деген ұғымды білдіреді, яғни ең қысқаша айтар болсақ, урбандалу, бұл – қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы.

Аутизация дегенді қалай түсінеміз? Бұл қоғамдағы шынайы адами байланыстардың біртіндеп төмендеуі және ол байланыстарды виртуалды түрдегі байланысқа ауыстыру болып табылады. Адам психикасының оқшаулануға қарай өзгеруі, қарым-қатынасқа деген қажеттіліктің төмендеуі, өз тәжірибесіндегі әлемдегі шындықтан алыстау.

Урбандалуды қолдаушы, онымен айналысатын психология ол урбандалудың қайғылы аяқталуына әкеледі: Интернеттегі жұбыңызды табу және онымен кездесу өте сирек болатын сәттілік. Сондықтан біз сіздің жолыңыз болып, бақытты болуыңызға тілектеспіз!

Қазіргі таңда көптеген танысу сайттары ерекше бір адаммен танысқысы келетін әлемнің әр түкпіріндегі адамдарды тартады, кездейсоқ бір таныстық пен кездесу, ал өмір бойы серіктес сізбен бірге қалады. Көптеген сайттар белгілі бір талғамға немесе адамдардың санаттарына мамандандырылған, кейбір сайттар 50 жастан асқан адамдарға, зиялы қауымға бағытталған. Мысалы, Ruby Radar кәсіпкерлер мен бизнес кәсіпқойларына немесе белсенді өмір салтын



ұстанушы спорт әуесқойларына, фитнес-персоналарға арналған. Үшінші тұлғаны екі үйлесімді адамдардан тұратын қауымдастыққа тарту да бүкіл әлемде кеңінен таралған.

Сонымен интернет арқылы танысу қызметін кімдер пайдаланады? Соңғы уақытта онлайн-таныстыққа деген көзқарас көптеген өзгерістерге ұшырады, ал соңғы зерттеулер бұл енді басты бағыт (Мейнстрим (англ. mainstream – негізгі бағыт) – кез келген салада басым бағыт (ғылыми, мәдени және т.б.), яғни негізгі бағыт, тренд болып табылатынын көрсетеді.

Pew Research және Internet Life Project зерттеу орталықтарының жүргізген сауалнамаларында әрбір оныншы американдық интернет-танысу қызметтерін веб-сайт немесе мобильді қосымшалар арқылы пайдаланды және олардың үштен екісі сайтта тапқан адаммен кездесуге барған. «Жалғыздықты және перспективалы адамдар» қауымдастығы үшін онлайн танысу сайттары одан да көп танымал, ал респонденттердің 38%-ы бұл қызметті пайдаланғандары жайында хабарлады.

Ер адамдар қауымы интернет-танысу қызметтері әлеміне ертерек кезеңдерде көптеп кіре бастаған, себебі бұл қызметтер тым танымал, ал әртүрлі жынысты адамдардың арақатынасы бірдей бола бастады. Танысу сайттары арнайы орта немесе жоғары білімі бар жиырма бес пен отыз төрт жас аралығындағы адамдар арасында көптеп танымал.

Алайда барлық жастағы адамдар, этникалық топтар және халықтың әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтары танысу сайттарын пайдаланады.

Осыдан тек екі-үш ондаған жылдар бұрын, басқа қалада тұратын серіктеспен қарым-қатынастың маңыздылығы хат-хабарлармен және мұқият сақталған пошта конверттерінің салмағымен өлшенді. Бүгінде отбасылық бақытқа апаратын осындай жол атавизмге ұқсайды. Танысу сайттарының арқасында қарым-қатынас бірнеше аптадан соң-ақ «үйлену тойына дайындалып жатырмын» мәртебесіне көшуі мүмкін. Бұған сіздің таңдаған адамыңыздың өзіңіз тұратын жерде тіркеуі бар немесе жоқ екендігі де кедергі болмайды. Ең бастысы, сіз бір-біріңізге сайсыздар. Алайда кез келген танысу сайты оған кіріп, тіркелу арқылы отбасылық бақыттың кілтін қолыңызға бере бермейді. Мысалы, Vadoo халықаралық танысу сайтының үш жүз отыз миллионнан астам қолданушысы бар. Сайт туралы пікірлер бір жақты емес, әртүрлі, қарсыластары да жақтаушылары да жеткілікті. Пайдаланушылар туралы ақпарат өте аз көрсетіледі және ол ақпарат тек шет тілдерін білетін адамдар үшін ғана қызықты болады.

Сайттың артықшылығы: пайдаланушылардың қайсысы өзіңізге жақын орналасқанын, жаһандық қамту мүмкіндігі, қарым-қатынастардың тегін екендігін көре аласыз. Кемшіліктері: серіктестерді іріктеу кездейсоқ болып табылады; сайт қолданушыларымен қарым-қатынасты нақты адамдардан гөрі құлтемірлер жасайды деген пікірлер бар.

Мамба – ТМД аумағындағы алғашқы танысу сайттарының бірі, он төрт жылдан астан жұмыс істеп келе жатыр. Бүгінгі таңда ол 15 ел мен 30 миллионнан астам адамды қамтиды. Ресурс туралы пікірлер негізінен теріс: мұнда спам мен алаяқтардың көптігі туралы жиі айтылады, көбінесе маңызды қарым-қатынастар орнатудан гөрі уақытша кездесулер үшін ғана таныстық іздейді, жаңа қолданушылар алғашқы хабарламада-ақ жыныстық қатынас мазмұнындағы суреттерді жібереді.

**Артықшылығы:** географиялық жағынан кең қамтуға ие және көптеген сауалнамалар сақталған.

**Кемшілігі:** VIP-шоты жоқ нашар функционалдылық, тығыз қарым-қатынас туралы көптеген ұсыныстар, құлтемірлердің болуы, нашар қолдау қызметі және қанағаттанарлықсыз модерация, теріс түсініктемелерді жою сияқты көптеген шындыққа жанаспайтын пікірлер (яхталар, жұмақ аралдары және т.б.).

Танысу сайты – Linkyou: әр стюардессаға – ұшқыш-күйеу.

Ресурстар екінші жартысын кәсібінің сәйкестігімен және ортақ мүдделерімен табуға бағытталған. Болашағы зор перспективалық тәсіл. Әрине, барлық адамдардың қызмет бабындағы романдары туралы біраз тарихи әңгімелері бар болар. Мұның өз себебі бар. HeadHunter порталының зерттеулеріне сәйкес, компания қызметкерлерінің 41% -ы кем дегенде бір рет жұмыс бабында қатынаста болған және әрбір бесінші оқиға некемен аяқталған. Сонымен, Эльдар Рязановтың «Қызметтестер романы» комедиясының сюжеттік желісі елеулі статистикалық негізге ие. Linkyou сайты да соған ұқсас.



Қызметті пайдалану өте жеңіл. Барлық негізгі функциялар тегін беріледі. Сыйлықақыны (премиум-аккаунт) айына 1500 теңгеге қосуға болады, ол бірнеше артықшылықтар береді: сауалнамаңызды 5 рет жоғарыға көтереді; діни көзқарасыңыз бойынша іздеу мүмкіндігі; 5 сыйлық; басқа пайдаланушы сайтта соңғы рет қашан болғандығын қарау мүмкіндігі; өзіңізді көрінбейтіндей жасау тәртібі.

**Артықшылықтары:** қолмен іздеу ыңғайлылығы, профайльді терең талдау негізінде серік-тестерді автоматты түрде таңдау, функциялар тегін, сайт командасы сайт қолданушыларымен үнемі өзара тығыз әрекеттестікте болып келеді.

**Кемшіліктері:** жақында ғана пайда болған, тек Ресей аудиториясына бейімделген.

Бұл қызық. HeadHunter аналитикалық қызметінің пайымдауынша қызмет барысындағы қатынастардың (романдардың) көпшілігінің келесі қызметкерлер арасында болатындығы анықталған:

Сақтандыру саласы – 55% (осы саладағы барлық сауалнама жүргізілгендерге шаққанда);  
Саяхат бизнесі – 53%;  
Маркетинг – 51%;  
Топ-менеджемент – 60%;  
Автобизнес – 36%;  
Шикізат өндіру – 29%.

Tinder – Мобильді қосымшалары.

Заңдылық көрініп тұр, бірақ бұл маңызды емес. Танысу үшін арналған ең танымал мобильді қосымшалардың бірі болып табылады. GlobalWebIndex зерттеулерінің деректері бойынша мобильді танысу бағдарламалары әлемдегі тоқсан бір миллион адамның гаджеттерінде орнатылған. Олардың ішінде 50 миллион адам Tinder-ге тиесілі.

Бұл қосымшада маңызды қарым-қатынастарды іздеуді, сондай-ақ, ешбір міндеттемелерсіз кездесулерді таңдауға болады. Аудитория негізінен 30 жасқа толмаған жастар. Қолданушылардың жартысынан көбі 25 жасқа толмаған. Қызметтің басты ерекшелігі – адамдарды бір-біріне жақын жерде іздеуге арналған. Пікірлер негізінен оң, бірақ боттардың болуы туралы шағымдар да бар.

**Артықшылығы:** ыңғайлылық, анық, түсінікті интерфейс, қарапайым сауалнама, негізгі функциялары – тегін, бүкіл әлемдегі қолданушыларды біріктіруі, географиялық орналасуы бойынша таңдау мүмкіндігі.

**Кемшіліктері:** қосымша көбінесе жүктелмей тұрып қалады да қолданушының одан мүлдем шығып кетуіне тура келеді, пайдаланушылардың маңызды қатынастарды іздеуі екіталай.

**Онлайн-танысулар неліктен әртүрлі?**

Шынында да, бұл жеңгетайлық біраз уақыттан бері болды және адамдар ғасырлар бойы әлеуетті көмекшілерді іздеу үшін газеттердегі жеке жарнамаларды пайдаланды. Атап айтқанда, мән-жайлар, жағдайлар ерлер мен әйелдердің бір-бірінен саны жағынан айырмашылықтары көп немесе кездесуге мүмкіндіктері аз болған кезде жеке жарнамалар дамып, кең көлемді қамтиды.

Әйтсе де, танысу сайттары түбегейлі өзгерді, адамдар бір-бірін сүйіспеншілік, флирт немесе неке үшін тауып қарым-қатынастарды бірнеше минутқа немесе өмір бойы жалғастыра алатындай дамытты. Онлайн танысу бір-бірінен айырмашылығы бар бірнеше маңызды қадамдардан тұрады.

Күтпеген сюрпризден өзіңізді шектеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

1. Интернеттегі танысу сайттарында әрдайым қосымша ақпарат іздеңіз.
2. Бірнеше сайттар бойынша тіркеліңіз.
3. Онлайн танысу сайтында профиль жасаңыз және «тиісті» сауалнаманы толтырыңыз (болған жағдайда).
4. Басқа пайдаланушылардың профильдерін көріңіз.
5. Хабарламалар арқылы біреумен байланыс орнатып көріңіз.
6. Жауапты күтіңіз.
7. Бетпе-бет кездесіп көріңіз.
8. Кездесуді автономды тәртіпте бастаңыз.



Онлайн танысу кезінде ұсыныстарды үнемі есте сақтаңыз.

1. Есіңізде болсын, бұл сізбен байланыстағы **шынайы адам емес, avatar**, яғни сауалнама, фотосуреттер, мәтіндер мен бейнефайлдар түрінде қолжетімді сөйлеу құралдары арқылы көрсетілген психиканың белгілі бір проекциясы. Мейірімді болыңыз, өйткені аватар шынайы адам емес. Бірақ маска киюге мүмкіндік беретін Интернет, ол масканы шешуге де жағдай жасайды. Интернеттегі адам қандай кейіпте көрсетілгендігін Яндекс пен Google-де таба аласыз, аз ғана зерттеу арқылы сіз көптеген қызықты ақпаратқа қол жеткізе аласыз.

2. Ең қиыны бейнекамераны алдау. Сондықтан егер сіздің ізгі, байыпты ниеттеріңіз болса, онда бір-біріңізге бейне қоңырау шалуға тырысыңыз. Құпиясыздықты толық жоюға мүмкіндік жасайтын мұндай өзін-өзі көрсету таныстыру сайттарында сирек кездеседі.

3. Ұзаққа созылған хат-хабарлар алмасу барысында сіз өзіңіздің ойыңызда кескінделген образбен сөйлесуіңіз мүмкін, осы қателіктеріңіздің кесірінен, яғни басқалармен емес, өзіңізбен қарым-қатынас жасайсыз. **Кіммен қарым-қатынас жасап отырғаныңыз туралы ойланыңыз:** қиялыңызға қарай сіз қалай өз-өзіңізбен сөйлесіп, қарым-қатынасқа түскеніңізді байқамай да қаласыз.

4. Хаттардың авторының оларды жазуда қаншалықты талантты болғанымен, күнделікті мәселелерді шешуде оның құзыреттінің әлдеқайда төмен болатынын естен шығармаңыз. Ерекше жағдайлар кездесуі мүмкін, бірақ, олар некен саяқ. Егер сұхбаттасушы сізге тақпақтарын арнаса, поэзияға бой ұрса және сезімнің ұшқырлығын оятқысы келсе, онда ол өзін мойындатқысы келетін шығар. Бірақ нақты өмірде ол сізбен таныстықты жалғастырғысы келетініне шүбә келтіреміз.

5. Интернет байланыстар, қарым-қатынастар жеткілікті түрде арзан. Көптеген байланыстардың болуы үшін оларды қаржыландыру арқылы қолдаудың қажеті шамалы. Нақты, шынайы өмірде қарым-қатынас жасау үшін адам қандай да бір қоғамдастықта болуы керек және кафеге, кинотеатрға, театрға бару үшін оның ақшасы болуы керек. Сіздің қайыршымен танысуыңыздың ықтималдығы жоғары. Бірақ бәрібір бір-біріне сай емес адамдардың қарым-қатынастарының бақытты аяқталғаны жайлы талай ертегілерді білеміз ғой.

6. Интернеттегі ашылған акаунттар полигамия мен полиандрияны көрсетуі мүмкін, яғни сіздің сұхбаттанушыңыз жалған анонимділікпен қорғалған бірнеше «қарым-қатынастарды» қолдап отыруы мүмкін. Полигамия (грекше πολὺς – «көптеген», γάμος – «неке»), полигамия – бір жыныстағы жұбайы қарама-қарсы жыныстағы бірнеше жұппен некеге тұру түрі. Полигамияның екі түрі бар: көп әйел алу (басқа атауы полигиния) және көп ер адаммен отау құру (басқа атауы полиандрия). Бірақ Интернетте жасырыну мүмкін емес.

7. Нарциссизм интернетте қарқынды дамыған. Өз-өзін аса жақсы көретін мифтік кейіпкер, танысу сайттарында жиі кездеседі. Психологиялық тұрғыдан алғанда, мұндай адамның рухани құрылымы өзіне ғана емес, әсіресе, оны ұнататын адам үшін қатты зардап шектіреді. Нарцисс адам өзін жақсы жағынан көрсетуді жақсы біледі және өзін мінсіз етіп көрсетеді. Нарциссистік кемшілік көрнекі истерикалық сипатқа жақын. Оның танысу сайтындағы өзін көрсетіп таныстыруы адам таңданарлықтай болуы мүмкін. Ол әдемі, бірақ нарцисс немесе истерикалық тұлғаның нақты, шынайы қатынастар үшін болашағы жоқ десе де болады.

8. Ешқашан қаржылық немесе жеке ақпараттарды (төлқұжат немесе банк картасының деректері) ашуға болмайды; әртүрлі сілтемелерден абай болыңыз, егер олар сіздің сұхбаттасуыңыздан жіберілсе де зиянды болуы мүмкін (сонымен қатар, ешкім де парақшаларды бұздан сақтандырылмайды); онлайн-досыңызбен адам көп жиналатын жерде кездесіңіз, қайда баратыныңызды өзіңіздің жақындарыңызға, туыстарыңызға айтып, ескертіп қойыңыз, телефонды қолыңызда ұстаңыз; өзіңіздің күдіктеріңізді техникалық қолдау немесе сайт әкімшілігіне (спам жібергенде немесе қорлайтын хабарлар пайда болғанда) хабарлауға қымсынбаңыз.

Онлайн танысу сайттары пайдаланушыларға жеке мәліметтердегі жүздеген, тіпті, мыңдаған профайлдарды немесе профильдер көрсетілген тәжірибені салыстыру жасайтын каталог түріндегі адамдарды ұсынады. Дегенмен мұндай салыстырудың ноутбук сатып алу кезінде пайдалысы көбірек болса да, олар танысу үшін пайдасы шамалы.

Шексіз нұсқалар адамдарға кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан олар танысу процесіндегі артық жүктемеге шыдамай, шығып жатады. Калифорниядағы жоғары санаттағы азық-



түлік дүкенінде классикалық зерттеу көрсеткендей, таңдау тым көп болса, тұтынушыларды шатастыруы мүмкін.

Дүкендегі дәм татып көру стендінде тұтынушылар кейбір экзотикалық тоспалардың дәмін татып көру үшін үстелдерде тоқтады. Кейбір тұтынушылар үшін стендте алты түрлі хош иіс қосылған тоспа ұсынылған, ал басқа стендте одан әлдеқайда көп жиырма төрт түрлі дәмнен таңдау жасау керек болды. Көптеген адамдар жиырма төрт дәм ұсынылған стендте ағылды, себебі, үлкен ұсынысқа көп көңіл бөлінді. Бірақ бұл стенд маңындағы тұтынушылардың тек 3 пайызы шын мәнінде тоспаның бір банкісін сатып алды. Қарама-қарсы стендте 6 түрлі хош иіс қосылған тоспадан дәм татқан жиналған тұтынушының 30%-ы сатып алуды жалғастырды.

Онлайн танысуда да нақты кездесулердің үлкен саны тиімсіз іздеуге және әріптесті таңдаудың нашар нәтижесіне алып келуі мүмкін. Тайвандық зерттеушілер субъектілерге олар үшін ең қолайлы деп ойлайтын қасиеттерді сипаттауды сұрады. Содан кейін кішігірім 30 профильдің ішінен, орташа өлшемді 60 профильдің ішінен және үлкен өлшемді 90 профильдің ішінен іздеуді жасауды ұсынды.

Пайдаланушылардың үлкен көлемін тапқан субъектілер, әдетте, жалпыға ортақ іздеуді жасаған, олардың көңілі маңызды емес ақпаратқа көбірек бөлінді. Сондай-ақ, олар өздерінің бастапқы қалауына сәйкес келмейтін нашар нұсқаларды сұрыптауда жаман жұмыс жасады.

Деректердің үлкен көлемі де әлеуетті серіктестікті білуге тырысқан адамдарды тым жалқау етуі мүмкін. Көптеген баламалардың бар екенін білетін және олармен қаруланған онлайн қолданушылардың бұрынғы қарым-қатынастан тезірек бас тартып, асықпай әрі қарай танысуға жылжуының ықтималдығы арта түседі. Мүмкін одан да жақсысын табармын? Сондай-ақ, олар ертедегі серіктестерінен онлайн байланыс кезіндегі аз ғана кемшілігі үшін бас тарта салуы мүмкін.

Менің бір танысым: «Ол электрондық пошта бойынша өзінің анасы жайлы жазып, еске салды. Бұл маған іздеуді ары қарай жалғастыру үшін жеткілікті болды» деді.

Танысу веб-сайттары адамдарға бір-біріне деген қызығушылығын білдіру үшін түрлі әдістер ұсынады. Tinder-дің смартфонға арналған онлайн сөйлесу үшін арнайы қосымшасы бар. Сондықтан пайдаланушылар өздеріне ұнайтын профиль иесімен және сұхбаттасуға келісім берген қолданушымен ол арқылы синхронды сұхбаттасу сеансына қатыса алады, байланысады. Басқа сайттарда пайдаланушылар өздерінің қызығушылығын тудыратын адамдармен байланысуды бастау үшін сайт арқылы электрондық пошта жібереді.

Шығармашылықтары жоғары, креативті веб-сайт әзірлеушілер қызығушылық білдірудің небір нәзік тәсілдерін ұсынады. Match.com сайтында, мысалға, пайдаланушылар «күлімдей» алады. Кейбір пайдаланушылар бұл технологияны екінші пайдаланушымен байланысудың тәуекелі төмендігі үшін бағалайтындықтарын айтады.

Бір әйел: «Маған күлімдеген ұнайды. Мені кім көргенін қарау үшін профилімді тексеруді ұнатамын. Бұл олардың бәрі кездесулерге алып келмесе де, өзімнің менмендігімнің (эго) импульсін жоғарлатады» деген екен.

Бүгін күні және аватарлар екі серіктес экранда бір-бірімен үш өлшемді адамдарды жасайтын және өзара әрекеттесетін «виртуалды танысу» үшін көп мүмкіндіктер ұсынады. Серіктестер экранда үлкен қозғалмайтын бейнелерді көреді, олар үстел басында кездесуде отырғандай әсер қалдыратын, әңгіме дүкен құрып отырғандай шынайы фотоперсонажға ұқсайды.

Осы аватарлардың «иелері» өте ұқсас болды, тек олар шынымен тыңдап немесе сөйлескендей секілді көрінген нәрселерді және қимылдарды орнатып, іске асырып отырды. Көздері жарқылдап, күлімдеп, бастарын шайқайды, ал еріндерінің қозғалысы өзара көбірек әрекеттесу үшін ауызша жеткізілмейтін сигналдар қосады.

«Белсенді» аватарлар осы қозғалыстарды көрсете білді, бірақ олар серіктестерге «флирт», «сүю белгісі» немесе «сенсорлық қол» деген жазулары бар түймелердің біреуін басу арқылы өздерінің ауызша емес сигналдарын жеткізу мүмкіндігін ұсынды. Виртуалды кездесуден кейін тәжірибеге қатысушылар сауалнаманы толтырып, серіктес туралы өздерінің пікірлерін бағалайды.

Бұл симуляция арқылы берілген ауызша емес белгілер қалай қабылданады және қабылдауға қалай әсер етеді? Тұтастай алғанда, серіктестер неғұрлым көбірек ауызша емес сөйлесуді пайдалана алса, олар соғұрлым бір-бірін жақсы көре түседі және бір-біріне өзін жақсырақ таныта алады.



Көбінесе белсенді аватарларды пайдаланатын жұптар қарым-қатынасты одан әрі дамытқысы келетінін айтады. Вербальды емес сигналдар осы серіктестер үшін виртуалды кездесуді нақты жағдайларға байланысты шынайы өмірдегі сияқты байыта түседі.

Бұл зерттеу сонымен қатар гендерлік айырмашылықтың маңыздылығын көрсетті. Еркектер аватарлардың статикалық қимылсыз суреттеріне өте жақсы қараса, ал әйелдер оны жасаған жоқ. Оның орнына, әйелдер қозғалыстарды, бет-әлпеттерді және дене тілін имитациялаудан көбірек зардап шекті, яғни ер адамдар әйелдермен салыстырғанда жеке қарым-қатынастарында дене тіліне аз көңіл бөледі, тіпті, сезінгісі келмейді ме? Кейбір зерттеулер бұл дәл осылай екендігін көрсетеді және айырмашылық виртуалды әлемге аударылғандай көрінеді.

Неліктен жай ғана Skype сияқты бейне-чат қызметтерін қолдана салмаймыз? Компьютерлік қарым-қатынасқа қосылған адамдар кейде жеке кездесуге дейін бейне сұхбат ұйымдастырады. Нақты зерттеулер әртүрлі, бірақ пайдаланушылардың аралас көзқарастары бар екені шындық.

Веб-камералардағы суреттер, негізінен, анық емес, жарық нашар түсірілген, негізгі кескіннің арты кір, камераның бұрыштары ыңғайсыз және кейбір кескіндер кешіктіріліп беріліп жатады. Мысалы, ноутбук және смартфон пайдаланушылары иек астын салптып көрсететін ең нашар камера бұрышын проекциялайды. Ал вербальды емес сигналдар өзара әрекеттесуді байытады, дегенмен, компьютерді үйлесімдеудің арқасында олар әлі де «өшірулі» болуы мүмкін. Мысалы, серіктестер камераның объективіне емес, экрандағы бір-бірінің бейнесіне қарайды. Сондықтан көз арқылы орнатылған байланыс бет-бетпен кездесіп, бір-біріне қарағаннан бөлек.

Онлайн танысу әлемі – өзінің қауымдастығы мен ережелері бар үлкен ғалам. Егер онлайн танысу сайттарында қызықты әңгімелесушіні, адал досты немесе өмірлік сүйіктіңізді тапқыңыз келсе, онда жергілікті тұрғындардың түрлерін түсінуге, тануға тура келеді. Олардың арасында қалыпты адамдармен қатар алаяқтар да бар, сонымен қатар, фриктер, жыныстық қатынасқа көңілдері толмағандар, супер-мачолар, жазушылар және басқа да біртүрлі адамдарды кездестіресіз.

Танысу сайттарындағы адамдардың көпшілігі лайықты қарым-қатынасқа тұратын және қалыпты қарым-қатынастар жетіспей әбден ашыққан адамдар екендігін бірден айта кету керек. Сол себепті әр адамды алаяқ көрудің қажеті жоқ, бірақ барлық бейтаныс адамдарға сенуге де ешқандай себеп жоқ.

Интернетте онлайн танысу барысында кездесетін адамдардың түрлерін қарап көрейік.

### **1. Жаңа қатынастарды іздейтін адамдар**

Көптеген адамдар өте көп жұмыс істейді және жиылыстарға немесе қоғамдық орындарға бару арқылы серіктес іздеуге уақыты жоқ. Айтпақшы, көптеген елдерде көшеде немесе барда танысу лайықты деп саналмайды.

Дейтинг-қызмет көрсетулер таныстыру географиясын кеңейтті: қазір сіз өзіңіздің туған қалаңызда немесе еліңізде ғана емес, бүкіл әлемнен жігітті немесе қызды таба аласыз. Оған қажеті – қарым-қатынас жасауға деген өзіңіздің тілегіңіз, құлшынысыңыз және шынайы, адал қарым-қатынас құру, Интернет желісіне қол жеткізу және оған фотосурет пен дұрыс толтырылған профиліңізді жүктеу.

### **2. Шым-шытырық іздеушілер**

Олар жылдам қарым-қатынастарды және өздеріне ешқандай жауапкершілік алмайтындай жыныстық қатынастарды қалайды. Әдетте олар дереу кездесулерді талап етеді немесе өздеріне шақырады. Бұл әңгімелесушіңіздің сіздің ерекше сұлулығыңыз бен айрықша келбетіңіздің құрбанына айналғанын білдірмейді. Бәлкім, мұндай «ұстаушы» серіктестерін қолғапша ауыстыруға үйренген шығар. Ол тұрақты серіктесті бағып қағудың немесе бір реттік секс-қызметті пайдаланудың өзіне қымбатқа түсетінін білгендіктен, оған әдемі лайықты қызды өзіне шақыру немесе ТМД елдеріне секс-турист ретінде кіру оңайырақ.

### **3. Separated еркектер**

Шындығында, бұл үміткер әйелімен бөлек тұрады дегенді білдіреді, яғни күйеуі мен оның жұбайы бөлек өмір сүруді шешкен. Бірақ ажырасумен шатастырмаңыз. Өмірлік көзқарастары бойынша, ер адамдар жылдар бойы әйелдерімен ажырасады, бірақ оны аяғына дейін ешқашан жеткізбеуі де мүмкін. Кейбір елдерде ажырасу процесі шамамен 5 жылға созылуы мүмкін, содан кейін ер адам банкротқа ұшырайды. Өйткені табыс пен мүліктің үлкен бөлігі әйеліне бұйырады.



Көбінесе мұндай адамдар онлайн-қарым-қатынастарды көңіл көтеру және бұрынғыны ұмыту мақсатында жаңадан бастайды, келесі некеге тұруға тым асықпайды.

#### **4. Өз ісіне берілген жазушылар**

Бұл кінәсіз ұрылар сізден ақшаңызды ұрламайды, жоқ. Олар тек уақытыңыз бен эмоцияларыңызды ұрлайды. Мұндай жазушылар ұзақ хаттарды ұнатады, кімге жазатындары маңызды емес, ең бастысы – жазу процесінің өзі. Олардың айырықша ерекшелігі, олар кездесуді талап етпейді және Skype-пен немесе телефон арқылы сізбен байланысуға да тырыспайды. Олар жылдар бойы сізбен хат жазысуға дайын, бірақ сізге мұның қажеті бар ма?

Бірнеше ай бойы хат-хабар алмасу сұхбаттасушы туралы бастапқы пікірді қалыптастыру және нақты кездесу туралы шешім қабылдау үшін жеткілікті деп саналады. Егер хат-хабар алмасу нақты бірдеңеге айналып кетпесе, онда мұндай «жазушыға» уақыт жұмсамау және басқа таныстар іздеу дұрыс болар.

#### **5. Жолы болмағандар**

Өмірде көп нәрсеге қол жеткізе алмаған адамдар бар. Олар шын мәніндегі өмірлік серіктесіне, жас, әдемі және табысты отандастарына ештеңе ұсына алмайды, олар не моральдық, не материалдық жағынан қолдау көрсете алмайды. Сондықтан олар сәтті адамның жалған бейнесін жасайтын танысу сайттарына барады. Осындай ер адамдардың көпшілігі нашар дамыған елдерден шыққан әйелдердің азды місе тұтантындығын біледі және өздерін «шетелдік ханзадаға» балап, оларға лайық деп есептейді.

Мұндай адамға уақыт жұмсамау үшін, сұхбаттасушыдан қандай үйде тұратынын, қай жерде жұмыс істейтінін, қандай машинасы бар екендігін, оның әуесқойлығы мен бос уақытын қалай өткізетіні жайлы сұрап біліп алыңыз.

#### **6. Скамерлер**

Бұл – онымен байланысуға тұрмайтын адамның түрі. Бұл алаяқтар тобының атауы ағылшынның «scam» – алаяқ деген сөзінен алынған. Олардың басты міндеті – зардап шеккендердің ақшаларын тартып алу және ол үшін кез келген әдіс жақсы.

Әйел-скамерлер билет алуға, визаны ашуға, тіпті, кейде ұялы телефон есебін толтыруға немесе жай ғана «стипендияға дейін немесе жалақыға дейін» өмір сүру үшін ақша сұрайды. Кейде кезде дамушы елдерден қандай да бір ханшайым хат жазып, өзіңіздің шотыңызға алғыс ретінде қомақты соманы уақытша жіберуге рұқсат сұрайды. Оның пайыздарын төлеуге одан да қомақты ақша жұмсауыңызға тура келеді.

Еркек-скамерлер өздерінің таңдаған адамдарына қымбат сыйлықтар жібереді, ал адресатқа содан кейін оларды жеткізгендері үшін қомақты соманы төлеуге тура келеді.

Мұндай сауалнаманың артында көбінесе белгілі бір сұлба бойынша жұмыс істейтін алаяқтар тобы тұрады. Сонымен қатар, ақшаға отырғызып кетудің көптеген нұсқалары бар, ең бастысы – әдемі уәделерге сенбеу және ешқашан жеке деректер мен төлем туралы мәліметтер бермеу.

#### **7. Қартая бастаған донжуандар**

Әдетте танысу сайттарында егде тартқан адамдар жиі кездеседі, олар жастығын еске түсіргісі келеді. Олар өздерінің қатарластарын менсінбейді, өздеріне сенімді, әдемі жастарға қырындауға тырысады.

Өз кезегінде, кез келген жастағы ер адамның әйелдер көңілінен шығып олардың назарын аударатындығын ескере отырып, жас сұлуларға өмірлік тәжірибе мен әмиянын (кейбір кезде) ұсынады. Тіпті қыздар сауалнамасында жас шектеуі де оларды тоқтатпайды. Әдетте, олар сирек кездесетін өзіне деген сенімділікпен ерекшеленеді.

#### **8. Скамерлерге қарсы аңшылық**

Егер алаяқтар болса, олардың артында аңшылар да болады. Олар өздерін әділеттік жолындағы күрескерлер деп санайды. Көбінесе мұндай жолдастарды тез қонаққа шақыруы арқылы тануға болады. Егер оған жауап ретінде әңгімелесуші қаржылық қиындықтары бар екендігі туралы айтса, оны бірден алаяқтар қатарына қосып, қара тізімге кіргізеді.

Бұл аңшылар басқа әдістерді пайдаланылады: олар сізге қандай да бір сылтаумен ақша ұсынады және тек сіздің келісуіңіз мұң екен, сіз скамерлердің қара тізіміне ілінесіз. Скамерлерге қарсы күресуді көзбайлау ете отырып, мұндай адамдар, көбіне, өздерінің мақсатына барынша ұмтыла түседі. Мүмкіндігінше көп адамдардың таза атына қара күйе жағуды ойлайды.





### **9. Психикасы тұрақсыз адамдар.**

Желіде сізді қорлайтын және қорқытуға дейін баратын психикасы тұрақсыз адамдар бар. Олар бастапқыда өзін ұстай алады, бірақ, біраз уақыт өткен соң олар қызғаныш көріністерін көрсете бастайды, қорқытып хат жазады, тіпті, телефонмен қауіп төндіреді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін жалғыз кеңес ол – бейтаныс адамдарға телефон нөмірін және тұрғылықты жеріңіздің адресін таратпау.

Өйткені бәрі басынан бастап жақсы көрінгенмен, ешкім сыпайы сұхбаттасушының теңгерімсіз психикасы тұрақсыз адамға айналмайтынына кепілдік бермейді. Тек қана ұзақ уақыт әңгімелесуден кейін сұхбаттасушының орнықты адам екендігіне көз жеткізуге болады. Себебі психикасы тұрақсыз адамдарға ұзақ уақыт бойы өздерін ұстау қиынға түседі.

### **10. Интернет-таныстықты ұнататындар.**

Дейтинг-қызмет көрсетулер бойынша тұрақты серіктес іздеу емес, процестің өзін мақсат етіп қойған адамдар жиі кездеседі. Олар көптеген жылдар бойы танысу сайттарында және көптеген серверлерде «тіркеледі». Олар барлық адамдарға жаза береді және бірінші хаттан кейін жиі жоғалып кетеді. Өзіңізді байланыстың осы түрінен қорғау үшін, іздеу жүйелеріндегі серіктесіңіздің атын тексеріңіз және оның аты көптеген танысу сайттарында тіркелген болса, онда оған уақытыңызды босқа жұмсамаңыз.

Қалай болғанда да кез келген онлайн танысу сайтында сергек те мұқият болыңыз. Біздің кеңесімізге құлақ ассаңыз, кез келген уақытта шынайы адамды алаяқтан ажырата білетін боласыз.